

ӘОЖ 930

**ФАРАБИТАНУШЫ-ҒАЛЫМ АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИ МҰРАСЫНДАҒЫ
«НАУРЫЗ» МЕРЕКЕСІ**

Иманғалиев Алмас Темірбекұлы

imangaliyev_historian@mail.ru

Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының
ғылыми қызметкері, ЕҰУ-нің PhD докторанты

Әл-Фараби есімін және мұрасын Орталық Азия мен Қазақстанға ғылыми тұрғыда ренессанстық сенсация жасаған мәшһүр ғалым Ақжан Жақсыбекұлы Машанов: «Бұл кісіден бұрын да, кейін де даналар болды. Бірақ олардың ішінде... дәл Фарабидей геометрия, музыка, астрономия сияқты үш ғылым саласына бірдей ұлы үлес қосқан... аса ірі жаңалық ашқан ғалымдарды табу қиын... Платон, Аристотель, Птоломей сияқты ғұламалар музыканы жөнді меңгере алмағанын өздері жазып кеткен...» деп ғылыми тұжырымын бірінші рет алға тартты [1, 5 б.]. Осылайша, XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап әл-Фараби есімін Ұлы дала елімен алғаш қауыштырушы Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидың үлесі мол. Осы орайда, «әл-Фараби және Сұлтан Бейбарыс» қорының Вице-президенті Самир Али Дерехтің ғылыми мақаласында: «Я являюсь этническим арабом-сирийцем, родился и вырос в городе Дамаске, в городе, в котором долгое время жил и творил замечательный ученый Древнего Востока – славный сын казахского народа Абу Наср Аль-Фараби. Я считаю, что мне выпало счастье посещать памятные места, связанные с деятельностью Аль-Фараби у меня на родине в Дамаске. Прибыв в вашу страну 14 лет назад, я узнал, что замечательный и выдающийся мыслитель современности – уважаемый Ақжан Машани посвятил всю свою жизнь науке, и в частности изучению культуры Востока, а также глубокому и Подробному постижению, развитию и анализу трудов Аль-Фараби. Научное наследие и вклад мировую науку Ақжан Машани велики и неоченимы» [2, 15]. Осы ретте, фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани ұлттық тарихымыздың бір парағына ортағасырдың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби есімімен толықтырды.

Ғұлама ғалым Ақжан Жақсыбекұлы қаламынан бірнеше ғылым салалары сабақтасқан ғылыми еңбектер, монографиялар және мақалаларын басылымдарда жариялап оқырман назарына ұсынды. Атап айтатын болсақ, Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани 1944 жылы Ұлы Абайдың 100 жылдығына арнап «Абайдың шығармаларындағы табиғат ғылымының көріністері» атты тақырыбында ғылыми баяндама жасаса [3, 10 б.], ал, 1971 Мәскеуде өткен ғылым тарихына арналған ЮНЕСКО-ның 13-конгресінде Әл-Фарабиге арналған симпозиумде Фараби туралы ғылыми тұжырымдарын ортаға салды [3, 51 б.]. Сондай-ақ, Ақжан Машанов 1961 жылы Әл-Фарабидің Отырардан шыққан қазақ перзенті екендігін бұлтартпас дәлелдерін ҚР ҰҒА Хабаршысында жариялауы ғылымға үлке серпіліс берді (*Қазақ ССР ҒА-ның хабаршысы – 1961, №5, 105-106 бб.*) [4, 14 б.]. Сонымен қатар, 1970 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Әл-Фараби» тарихи романы [5] мен 1994 жылы Абайдың 150 жылдығына орай, екі ғұламаның арасындағы рухани сабақтастықтың дүниетанымына арнап «Әл-Фараби және Абай» [3] атты ғылыми еңбегін жазып, келешек ұрпаққа мол мұра етіп қалдырды. Сондай-ақ, әл-Машанидың «Әл-Фараби, Кеплер, Галилей және ислам ғылымы» [6], «Әл-Фарабидің нұрнамасы» [7], «Философия таласты майдан» [8], «Ислам діні және ғылым» [9] т.б. ғылыми еңбектерді және зерттеу мақалаларын атауға болады.

Ақжан Хазірет тек Отандық ғылымда ғана емес, әлемдік аренада ғылыми-зерттеу жұмыстарымен бөлісіп, ой-тұжырымдарын алға тартып отырды. Атап айтатын болсақ, ол 1984 жылы Кувейтте шығатын «Әл-Фараби» журналына «Орта Азияның мәдениет шамшырақтары» атты мақала жариялап, онда Иоганн Кеплердің «Аспан музыкасы» атты кітабындағы жазғандарының бірсыпырасы ойшыл-ғұлама Әл-Фарабидің еңбектерін пайдаланғандығын анықтап, өз ғылыми тұжырымын дәлелдеді [10, 68 б.]. Осыған байланысты, белгілі ғалым Махмұд Фаһми Хижази «Машани (1906-1997) мұраларындағы қазақи құндылықтар және Араб мемлекеттерімен мәдени байланыстар» атты мақалада былайша негіздейді: «Шындығында да, Машани - күллі Орта Азияға әйгілі адам. Әрі, 1984 жылдан бері Кувейтте оның еңбегі жарияланған уақыттан бастап араб елдеріне де мәлім болған» деп атай келе, әлемдік деңгейдегі орнын атап көрсетті [11, 39 б.]. Бұл дегеніміз, тұңғыш әл-Фараби мұраларын халық назарына ұсынған Ақжан әл-Машанидың ғылымға қосқан сүбелі үлесі хақ.

Осы ретте, Ақжан әл-Машанидің жан-жақты ғылым салаларын талдаған мол миастарына тоқтала келе, астрономия ғылымы арқылы «Наурыз» ұғымы хақында кең көлемде зерттеу жұмыстарын жүргізді. Осыған байланысты, фарабитанушы-ғалым Ақжан Әл-Машанидың 1996 жылы наурыз айының 20-26 жұлдыздарына арналған №14 санымен «Заң» газетінде «Наурыздың үш мыңжылдық тарихы бар» және атты тақырыптағы ғылыми мақалаға көзім түсіп, таң қалған жайым бар [12].

Геолог-ғалым Ақжан Әл-Машани «Наурыздың үш мыңжылдық тарихы бар» атты мақаласы археология және астрономия ғылымдарымен етен тығыз байланысты. Ол ежелгі сақтар дәуірінен бастап, аспан әлемі турасында көптеген мәселелерді алға тартты. Бұл туралы ғұлама ойшыл Ақжан Машанидың ежелгі дәуірге қатысты батыл ғылыми ойлар айтуы да кеңестік Қазақ Ғылым Академиясының мектебінен өтуі еді. Осыған дәлел ретінде бірнеше фактілерді алға тартатын болсақ, 1943 жылы «Торғай кенді алқабының құрылымы» тақырыбына кандидаттық диссертацияны, 1946 жылы зерттеп жүрген тақырып аясында докторлық диссертацияны жоғары деңгейде қорғап, жаңадан шаңырақ көтерген ҚазССР Ғылым Академиясының «Жер ғылымы» бөлімшесінің тұңғыш корреспондент мүшесі болып сайланып, Ғылым Ордасының құрылтайшысы Ақжан Машани есімі осылайша тарихқа енді [11, 10 б.]. Осы академияда Әлкей Хақан Марғұлан, Қаныш Имантайұлы Сәтпаев секілді ғалымдармен тығыз байланыс жасады. Осы турасында Ақжан Машанов «Зерде» ғылыми-көпшілік журналында жарық көрген «Қанышпен болған сапар» атты ғылыми мақаласында былайша өзектейді: «Бір айта кететін нәрсе, Қаныш менің геология саласында қазақша еңбек жазғандарымды ұнататын еді, соған көп көмек көрсетті. «Жер сыры» атты кітапқа алғысөз шығартудан бастап, Академия баспасынан менің бірнеше кітабым, бірнеше аудармалар, термин сөздіктерім шықты. Солардың бәріне ол кісі тікелей жәрдем беріп отыратын еді» [13, 20 б.]. Осы ретте, XX ғасырдың 40-жылдарынан бастап, Ақжан әл-Машани қаламынан туындаған бірнеше ғылыми еңбектер арнасы жарық дүние есігін ашты.

Ақжан Машановтың «Наурыздың үш мың жылдық тарихы бар» Сақтар дүниежүзіне мәдениетімен белгілі болды. Себебі, сақтардың қолдарынан жасалған тұрмыстық бұйымдар, қару-жарақтар көптеген елдерге, яғни Месопотамияға, Мысыр секілді елдерге таралды. Ақжан Әл-Машанидың есептеуінше, сақтар мыстан қайталанбас жәдігерлерді жасағандығын атап өтеді. Бүгінгі таңда, археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде сақтардың обаларынан табылған артефактілер дәлелдей түсіреді. Осы ретте, Ақжан Машанов археология ғылымы турасында бірнеше ғылыми жұмыстарын жариялады. Бұл туралы ғұлама ғалым «Әлемдік археологияның соқпағымен» атты ғылыми жұмысында былайша өрбітеді: «Көне тарихтың көп қалдықтары топыраққа көміліп, шіріп, сумен еріп, тозаңмен ұшып кеткен. Алайда солардан қалған айғақ іздері, құлаған үйлер, көмілген заттар, аспаптар табылды. Сол қалдықтарды зерттейтін ғылымды археология» деп атап көрсетеді [14, 145 б.]. Ол осы зерттеу жұмысында әлемдік деңгейдегі көне мәдениет Вавилон ескерткіштері, Майя халқыны уақыт есебі, Хеопс пирамидасы, Орта Азия мен Қазақстан жерінен табылған археологиялық жәдігерлерге тоқталып, кең көлемде ғылыми ақпараттарымен бөлісті. Осы бағытта Ақжан Машанов «Әлемдік археологияның соқпағымен» атты зерттеу жұмысында: «Біздегі қазіргі бір қуанышты нәрсе – археологиялық зерттеулер дұрыс жолға қойылып, жас кадрлар көбейе бастады. Ендігі жерде біртіндеп, белгілі жоспар бойынша дами берер деп білеміз. Академик Әлкей Марғұлан бастаған бір топ археолог қазір туған өлкеміздің тас кітабын тани бастады» деп көрсете келе, бүгінгі таңда археолог ғалымдарының ғылыми экспедициялар нәтижесінде, еліміздің бірнеше аудандарынан құнды жәдігерлер табылуда [14, 161 б.].

Ақжан Машановтың Сақтар тек қана қолөнершілікпен озып қана қоймай, астрономия саласында да біраз жетістіктерге жеткендігі жөнінде Ақжан Әл-Машани ғылыми мақаласында былайша атап өтеді: «Ал олар (сақтар) аспан әлемін зерттеді ме? Әрине. Себебі, олардың бүкіл аспан әлемнің кіндігіне «Темірқазық» деп атауы да тегін емес». Осы ретте, Әл-Машани мынадай қорытындыға келеді: «Темірқазық атаған күн мен түннің теңелу уақытын дәл есептеп, түркілер жыл санауын да жүргізген». Сөзімізге айғақ ретінде, 1995

жылы «Ана тілі» газетінде жарық көрген Ақжан әл-Машанидың «Мүшел басы – доңыз. Астрологиялық есептеу» атты мақаласында Аспан есебімен қазақ та ықылым заманнан айналысып келеді және жыл басын көктемде күн мен түн теңелген тұстан, яғни наурыздың 22-нен бастау алған ұлы есеппен ата-бабаларымыз бағзы заман таныс екендігін атап өтеді. Осыған байланысты, Әл-Машани аталған мақаласында аспан ғылымы турасында былайша негіздейді: «Ежелгі қыпшақ даласында жыл есептеудің 12 жылдық мүшесі болғаны мәлім. Олар: Хамал (Қошқар), Сәуір (Өгіз), Зауза (Егіз), Саратан (Шаян), Асад (Арыстан), Сүмбіле (Бикеш), Мизан (Таразы), соңғысы Хұт (Балық). Осының ішінде жалғыз Мизаннан (Таразыдан басқасы) тіршілік иелері...Наурыз бір заманда бір белдеу (зодик) жұлдызға дәл келсе, келесі бір заманда басқа жұлдыз тобына кезігеді. Яғни, Наурыздың жылжу жылдамдығының қандай – осының өзі ұлы есеп» [15].

Сонымен қатар, Ақжан Әл-Машани «Наурыздың үш мыңжылдық тарихы бар» атты мақаласында «Ат байладым абаққа, Мейіз салдым табаққа...» деп қазақ жырын мысал ретінде атап өтеді. Осылайша, «Абақ» сөзінің біздің жыл санауымызға тікелей қатысты жағы бар екендігіне және мұндағы «Абақ» сөзінің этимологиялық мағынасына тоқтала келе, «Қорадағы жем», яғни, «Атты қораға байладым», «Жемге қойдым» деп мағынасын ашып түсіндіруге тырысты. Жалпы, «Ат байладым абаққа» деген тіркестің мағынасын «Абаққа ат тарту еттім, сыйладым» деп атап өтеді. Ал «Мейіз салдым табаққа» атты тіркестің мағынасын, баршамызға белгілі, мейіздің қуанышты кезеңдерде берілетіндігін атады. Осылайша Ақжан Машанов жоғарыда аталған қазақ жырындағы ұғымдары арқылы жыл санауымызбен және мезгілмен байланыстырып, орфоэпиялық талдаулар жасап түсіндіреді.

Сонымен қатар, Ақжан Машани тіліміздегі тіркесті мысал ретінде анықтап көрсетеді: «Алаш, алаш болғалы, Алаша хан болғалы». Мұндағы Алашқа «алты сөзін қосақтап, «алты алаш» тіркесі шығады. Жұлдызшының көзімен қарасақ, «алты алашымыз» - алты үркер, «Алаш ханымыз» - Ай, Екі батыр соғысты, үркер мен айдай тоғысты» дегендегі – Үркер мен жаңа айдың бір-біріне қарсы келіп, тоғауын «тоғыс» дейміз. Міне, осы тоғыс көктемгі күн мен түннің теңелетін уақытына, наурыздың 22-не сәйкес келеді» деп атап өтті. Осы ретте, қазақ халқы наурызды «тоғыс» деп атады [12]. Осылайша, тоғыс айынан бастап, күн райы жылынып, шуақты күндер басталып, мал төлдей бастайды.

Жалпы, Наурыз» мерекесі – бүкіл қазақ халқының ежелгі дәуірден келе жатқан төл мерекесі. Өткен ата-бабаларамыздың ұрпағына мирас етіп қалдырған алтын мұрасы, бай қазынасы. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары бір арнаға тоғыстырған «Наурыз» мерекесі арқылы өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі мәні зор болып табылады.

Қорытындылай келе, фарабитанушы-ғалым Ақжан Жақсыбекұлы Әл-Машани қазақ тархы мен жырлары арқылы «Наурыз» мерекесі туралы дәйекті де дәлелді ойларды келтіріп, тың ақпараттарды оқырман назарына ұсынды. Міне, өскелең ұрпағына өшпес мирас қалдырған ойшыл-ғалым Ақжан Жақсыбекұлы Әл-Машаниден алар тағылым мол.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Әл-Машани А. Әл-Фараби және бүгінгі ғылым. – Алматы: Алатау, 2007 – 224 бет.
2. Дүкенбаева З.О. Әл-Машани - XX ғасырдың Әл-Фарабиі. // Қазақстан мұрағаттары. – Астана. 1 (29) / 2014.
3. Машанов А. Әл-Фараби және Абай – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
4. Машани А. Әл-Фараби көпірі: Мақалалар, «Әл-Фараби» романы. – Алматы: Алатау, 2005, 352 б.
5. Машанов А. Әл-Фараби. /870-1970/ Тарихи-деректі кітап. – Алматы: Жазушы, 1970. – 245 б.: суретті.
6. Машанов А.Ж. Әл-Фараби, Кеплер, Галилей және ислам ғылымы. // Зерде. – 1994. - №3. – 22-24 бб.
7. Машанов А.Ж. Әл-Фарабидің нұрнамасы. // Зерде. – 1994. - №2. – 22-24 бб.
8. Машанов А.Ж. Философия таласты майдан. // Зерде. – 1994. - № 5. – 22 б.
9. Машанов А.Ж. Ислам діні және ғылым. // Шалқар. – 1994. – 28 шілде

10. Фараби ғибратты ғалым: Фарабитанушы А.Ж. әл-машаниге арналады / Құраст. Ш.Абдраман. – Алматы, 2006 – 340 б., суретті. – «Ұлы тұлғалар» ғылымиғұмырнамалық сериясы.
11. Машани А.. Ақжан Машани ғибраты. 7-ші т. – Алматы: Алатау, 2007 – 266 б.
12. Машанов А.Ж. Наурыздың үш мыңжылдық тарихы бар. // Заң газеті. – 1996. – 20-26 наурыз.
13. Машанов А.Ж. Қанышпен болған сапар. //Зерде. – 1999. - №2. – 19-20 б.
14. әл-Машани А. Табу. – Алматы: Алатау, 2007 - 296 бет.
15. Машанов А.Ж., Әбдіраман Ш.Ә. Мүшел басы - доңыз: Астрологиялық есептеу. / Ана тілі. – 1995. №8-10. – 22 наурыз.